

Түркістан облысының білім
басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Жыланбұзған» жалпы
білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Государственное коммунальное
учреждение
«Общеобразовательная
школа «Жыланбұзған»
отдела образования Төлебейского
района управление образования
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

С.А. 09.2023 ж.

Сұлтанрабат ауылы

ПРИКАЗ

№ 93.1

село Султанрабат

«Азамат» ұл балалар клубының жұмысын жүргізу туралы

1. Мектептегі ұл балаларды тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін бойына сіңіру, қазақстандық ұлтжандылық пен азаматтыққа, батырлық пен мәдениеттілікке, қамқорлық пен ақылдылыққа, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында «Азамат» ұлдар клубының іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.
2. «Азамат» клубы аясында ұл балалар бойына ұлттық тәрбиенің асыл қасиеттерін сіңіріп, әдеп әліппесін дарыту мақсатында қоғамдық ұйымдармен бірлесе іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру жауапкершілігі ДТЖО А.Тунгушбаева мен педагог-ұйымдастырушы М.Адиловқа жүктелсін.

Мектеп директоры:

К.Алтаева



Бұйрықпен таныстым:

(күні)

А.Тунгушбаева

(қолы)

(қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым:

(күні)

М.Адилов

(қолы)

(қолтаңбаның толық мәні)

Орындаған А.Тунгушбаева



Мектеп директоры: К.Алтаева


«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Азамат» ұл балалар клубының 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
1.	Мектепшілік 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын жасап, бекіту.	Жоспар	Мектеп директоры К.Алтаева ДТІЖО А.Тунгушбаева	қыркүйек
2.	Мектепшілік «Азамат» ұл балалар клубының мүшелеріне мақсат-міндеттерін, ұйымдастырылуы мен жүзеге асыру ерекшеліктерін түсіндіру, таныстыру.	Жиналыс хаттамасы	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	қыркүйек
4.	«Аға қамқорлығы» секциясы мен мектепшілік «Азамат» ұл балалар клубының бірлескен жоспарын жасау арқылы сабақтастық шаралар өткізу.	Бірлескен жоспар, мәлімет	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азамат» ұл балалар клубы	қыркүйек қазан
5.	«Ұлттық мектеп лигасы» аясында ұлттық спорттық жарыстар ұйымдастыру.	Спорттық жарыстар мәліметі, суреттері, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері Дене шынықтыру пәні ӘБ Спорттық үйірме жетекшілері	Әр аптаның жұма күні
6.	Құқықбұзушылықтың, әлімжеттік пен қорқытып алу, буллинг, ерте жүктілік, нашакорлық, темекі шегушілік, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында түсіндіру, ескерту шарасын өткізу.	Ұл балалар жиналысының хаттамасы, суреттері, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова ҰП М.Адилов Сынып жетекшілері	Айына бір рет
7.	Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен	Рейд бойынша аяқ түзу	ДТІЖО А.Тунгушбаева	Айына бір

	келіміс жасаудын алдын алу мақсатында ата-аналар кеңесі мүшелерімен бірлесіп мектепшілік (әткір, ұшкір, ақыл денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, күдікті заттар, т.б.) рейд жүргізу.		Мектепшілік мобильдік топ	рет
8.	Жасөспірімдер арасында құқыбұзушылық пен келіміс жасаудың алдын алу мақсатында жасөспірімдер мен жастар көп шоғырланатын орындарға ата-аналар кеңесі мүшелерімен бірлесіп мектепшілік түнгі рейд жүргізу.	Түнгі рейдке акт түзу, суреттері, әлеуметтік желіге жариялау	ДПЖО А.Тунгушбаева Мектепшілік мобильдік топ	Айына бір рет
9.	Мектепшілік еларларға ұл балалардың келісуының белсенділігін арттыру бағытында жұмысты жандандыру.	Қалағашу	ДПЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	үнемі
10.	«Ағасы бардың жағасы бар» ТҚ «Ұлттық мүдде», «Талап»	Дискусияның суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДПЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азимат» ұл балалар клубы	қазан
11.	«Қір жігітке жарасар (алауатты бейнесі)» 8-11 сыныптар ТҚ «Ар-ұят»	Кездесу кешінің үстел суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДПЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азимат» ұл балалар клубы	қараша
12.	«Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас» /құқықбұзушылықтың алдын алу/ 8-11 сыныптар ТҚ «Ұлттық мүдде»	Кездесу кешінің суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДПЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азимат» ұл балалар клубы	желтоқсан
13.	«Әкеніңің төріне сенбе, еткен әнбегіңе сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы) 1-11 сынып ТҚ «Ұлттық мүдде»	Дөңселек үстелдің суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДПЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы	қазан

			«Азамат» ұл балалар клубы	
14.	«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» ТҚ «Ар-ұят», «Талап»	Кездесу кешінің суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азамат» ұл балалар клубы	ақпан
15.	«Әкені көріп ұл өсер, шешесі көріп қыз өсер» «Балаға үлгі көрсету» («Ата-аналар мектебі» жобасы ТҚ «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят»	Кездесу кешінің суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азамат» ұл балалар клубы	наурыз
16.	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шәңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы) ТҚ «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят»	Тренингтің суреттері, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Аға қамқорлығы» секциясы «Азамат» ұл балалар клубы	сәуір

Орындаған А.Тунгушбаева



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2023-2024 оқу жылында мектепшілік
«Азамат» ұл балалар клубының атқарған жұмыс есебі

Мектептегі ұл балаларды елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату, отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру, өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу, әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға, басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу, өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру, біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Азамат» ұл балалар клубы жүргізілді.

Міндеттері:

- Ұл балалардың ұлттық рухы мен ер азаматтық қасиеттерін қалыптастыру;
- Еңбекке, отансүйгіштікке, тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеу;
- Девиантты мінез құлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Мектептегі ер балалар арасындағы өзара сыйластық пен достықты дамыту.

Ұйымдастыру кезеңі

Мектептегі ұл балалармен жұмыс жасау мақсатында мектеп директорының 1.09.2023 жылғы №931 бұйрығымен «Азамат» ұл балалар клубымен жұмыс жүргізетін жауаптылар бекітіліп, жоспары жасалды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде аптаның әр жұма күні ұл балалармен «Ұлттық мектеп лигасы» ұлттық спорттық жарыстар ұйымдастырылып, жеңімпаз командалар марапатталып отырды.



Оқу жылының қазан айында «Ұлттық мүдде» құндылығы аясында «Азамат» ұл балалар клубы мен «Аға қамқорлығы» клубымен бірлескен «Ағасы бардың жағасы бар» атты шара өткізілді. Мақсаты: ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру, ағалық міндеттің мағынасын ашу, інілері мен

қарындастарына қамқорлық жасаудың мәнін түсіндіру, аға өзінің соңынан ерген інілері мен қарындастарына тірек, қорғаныш, әр отбасындағы жол бастайтын, өзінен кейінгілерге бағыт бағдар беретін тұлға, отбасылық қамқорлыққа тәрбиелеу

Қараша айында «Ұлттық мүдде» құндылығы аясында «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларымен шарасы өткізілді. Мақсаты: халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру



Желтоқсан айында «Ұлттық мүдде» құндылығы аясында «Ұрпақ тәрбиесіндегі жүйелі көзқарас» тақырыбында әкелермен кездесу шарасы өткізілді.

Қаңтар айында «Ұлттық мүдде» құндылығы аясында «Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: балаларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу.

Ақпан айында «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбы аясында елді мекендегі спортшы азаматтармен кездесу шарасы өткізілді. Мақсаты: халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, білім алушылардың спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.



Наурыз айында «Ата аналар мектебі» жобасы бойынша «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» тақырыбында шара өткізілді.

Сәуір айында «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем жақын адам» атты тренинг өткізілді.

Оқу жылы барысында «Ар ұят» құндылығы аясында ұл балалармен профилактикалық және құқықтық бағыттағы іс шаралар өткізілді. «Жасөспіріп және заң» тақырыбында учаскелік полиция инспекторымен кездесу өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1EQrLVdkSQ/>

Айына бір рет ұл балалармен құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қажетіне қарай тәртібі мен үлгерімі төмен ұл балалармен жеке әңгімелер, бақылау және психологиялық қолдау жұмыстары ұйымдастырылды.

Айына бір рет ерте жастағы теріс мінез-құлық, темекі, энергетикалық сусын, гаджетке тәуелділік мәселелері, діни экстермизмнің алдын алу бойынша кеңестер өткізілді.

«Талап» және «Ұлттық мүдде» құндылықтары аясында ұл балалармен көгалдандыру, еңбекке баулу мақсатында сенбіліктерге белсене қатыстыру шаралары өткізілді.



Айына бір рет жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыс жасаудың алдын алу мақсатында ата аналар кеңесі мүшелерімен бірлесе ұл балалардың өткір, үшкір, адам денсаулығына зиян келтіретін заттар, ұялы телефон, т.б. күдікті заттар алып жүрмеуінің алдын алып, рейдтер жүргізіліп отырды. Нәтижесінде, жоғарыда аталған заттарды оқу жылы барысында ешқандай оқушының алып жүрмейтіндігі анықталды.

Айына бір рет учаскелік полиция инспектормен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында елді мекендегі түнгі уақытта адам көп шоғырланатын орындарға рейд жүргізілді.

«Менің Отаным Қазақстан» атты патриоттық айлық аясында спорттық және шығармашылық сайыстар ұйымдастырылды.



Оқу жылы барысындағы Тәуелсіздік күні мен Отан қорғаушылар күні мерекесіне арналған іс шараларға ұл балалардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілді.



Ата-аналармен байланыс бойынша оқу жылы барысында «Әкелер кеңесі» мен «Аға камкорлығы» клубымен бірлесе ата аналар жиналысы өткізілді. Әкелермен және ағалармен спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Отбасындағы ер баланың тәрбиесіне қатысты түсіндіру жұмыстары ұдайы жүргізілді.

Қорытынды, 2023-2024 оқу жылы ішінде ұл балалармен жүргізілген тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүзеге асты. Мектептегі ұл балалар арасында құқықбұзушылық, есепке алыну, қылмыс жасау, тәртіпсіздік әрекеттері болмады. Ұл балалардың бойынша жауапкершілік, тәртіп, сыйластық және патриоттық сезім арта түсті. Олар мектеп өміріне, спорттық және қоғамдық шараларға белсене қатысты. Алдағы оқу жылында ер балалардың кәсіби бағдарын дамыту мен рухани адамгершілік тәрбиесін тереңдету бағытында жұмыс жалғастырылмақ.

Орындаған ДТІЖО А.Тунгушбаева